

**Мамандық бойынша тест: 1 - пән Эпизоотология және жұқпалы аурулар**

1. Індеттің өшу сатысына тән құбылыстар
  - A) иммунитеті өте күшті жануарлардың санының жоғары деңгейге жетуі
  - B) аурудың қоздырушысына қарсы иммунитеттің недәуір артуы
  - C) жаңадан ауруға шалдыққан жануардың санының кемуі
  - D) аурудың өзіне тән белгілерінің жіті түрде байқалуы
  - E) жасырын инфекцияның басым болуы
  - F) індеттің таралуына қолайлы жағдайдың болуы
  
2. Қоздырушысы Грам теріс боялатын аурулар:
  - A) туберкулез
  - B) топалаң
  - C) Ботулизм
  - D) пастереллез
  - E) кампилобактериоз
  - F) бруцеллез
  - G) қарасан
  
3. Індет ошағын қалыптастыратын негізгі қозғаушы күштер:
  - A) микробтардың тобы
  - B) жануарлардың тобы
  - C) бейім жануар
  - D) инфекция қоздырушысының бастауы
  - E) берілу тетігі
  - F) табиғи-географиялық фактор
  - G) әлеуметтік-экономикалық фактор
  
4. Жасанды енжар иммунитеттің ұзақтығы
  - A) 2 апта
  - B) 2 ай
  - C) 90 күн
  - D) 1 ай
  - E) 1 апта
  - F) 45 күн
  
5. Жұқпалы аурулардың микробиологиялық жіктелуі
  - A) бактериоздар
  - B) вироздар
  - C) микоздар
  - D) жігіден төмен
  - E) өкпелік
  - F) созылмалы
  
6. Трансмиссивті табиғи ошақты аурулар:

- A) құтырық
- B) делбе
- C) вирустық энцефалиті
- D) листериоз
- E) лептоспироз
- F) бруцеллез

7. Қоздырушының денеге тұрақталуына байланысты инфекцияның түрлері

- A) Шектелген
- B) Эндогенді
- C) Экзогенді
- D) Жайылған
- E) Эпизоотия
- F) Криптогенді

8. Пастереллезге қарсы шаралар:

- A) барлық жануарлады аллергиялық әдіспен тексеру
- B) шектеуді 14 күннен кейін алу
- C) ауру және күдіктілерді оқшаулап емдеу
- D) ауру және ауруға күдікті жануарлар жойылады
- E) санитариялық-зоогиигиеналық талаптарға көңіл бөлу
- F) карантинді 20 күннен кейін алу
- G) шаруашылыққа карантин қою

9. Аусылға қарсы шаралар:

- A) карантин 40 күннен кейін алынады
- B) шаруашылыққа не елді мекенге шектеу қою
- C) дезинфекциялық шаралар әр он күн сайын жүргізіледі
- D) шаруашылыққа не елді мекенге карантин қою
- E) ауру және күдікті малдарды жою
- F) қатер төнген аймақ анықталынады

10. Инфекция қоздырушысының тасымалдаушылары:

- A) кемірушілер
- B) сыртқы орта нысандары
- C) аңдар
- D) автокөлік
- E) жеп-шөп
- F) буынаяқты жәндіктер
- G) топырақ